



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 13 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 1 6 м а м ы р
Халықаралық резервтер және
ақша базасы туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық Қордың ақшасын ескермей) және ақша базасы 2006 жылғы 15 мамырда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн.долл.	13 857,2	13 448,1
оның ішінде:		
ЕАВ таза активтер ²	12 461,6	12 461,6
Алтын	1 395,6	986,5
Ақша базасы, млрд. теңге	1 095,9	1 095,9
Аз ақша базасы ³ , млрд. теңге	732,9	732,9
ҚРҰБ-дегі ЕДБ-дің мерзімді депозиттері ⁴ , млрд. теңге	349,7	349,7
КЗТ/USD (кезең аяғында)	121,75	133,98
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	725,75	513,00

1 2005 жылдың аяғындағы теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген.

2 ЕАВ-мен таза активтер – бұл ЕАВ-ғы жалпы активтер мен міндеттемелер арасындағы айырмашылық

3 Аз ақша базасы – ҚРҰБ-нің ЕДБ мерзімді депозиттері ескерілмеген ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2006 жылғы мамырдың бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері көбейді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 11,8%-ға (немесе 1 460,9 млн. долл.) өсті. Ішкі валюта рыногында валюта сатып алу және Үкіметтің шотына валютаның түсуі, Ұлттық қордың активтерін толықтыру және Қаржы министрлігінің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операцияларды жүргізу жағдайларында да таза валюта қорларының 1 292,6 млн. долларға көбеюіне әкелді. Алтынмен активтер оның әлемдік рыноктардағы бағасының 13,7%-ға өсуі нәтижесінде 168,3 млн. долларға өсті.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 10,6%, ЕАВ-мен таза активтер – 11,6% өсті, алтынмен активтер өзгерген жоқ.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) яғни, Ұлттық Қордың ақшасын (алдын-ала деректер бойынша – 8 631,6 млн. долл.) қоса алғанда 22 492,0 млн. долл. болды. Өткен айға өсімі 7,4 % болды.

2006 жылғы мамырдың бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің өсуі ақша базасының 10,4%-ға (немесе 103,2 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды. Бұл ретте, аз ақша базасының кеңеюі (ҚРҰБ-нің ЕДБ мерзімді депозиттері ескерілмеген) 4,9% (немесе 34,1 млрд. теңге) болды.